

**Кодекс Алиментариус мәселелері жөніндегі ведомствоаралық  
үйлестіру кеңесінің отырысының хаттамасы**  
(Онлайн форматта)

Астана қ.

№6

2022 ж. 06.10., 10.00

**Төрағалық еткен:** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т.Рақымжанова

**Қатысқандар:** (тізім беріледі).

**Күн тәртібі:**

1. 2022 жылдың III тоқсанда атқарылған жұмыс бойын Кодекс Алиментариус комиссиясына **ФАО/ДДҰ** Еуропалық үйлестіру комитетінің үйлестірушісінің есебі - м.ғ.д., профессор Н.М. Қарсыбекова
2. Кодекс Алиментариус стандарттарын қолдану және әсер ету бойынша сауалнама - ҚР Кодекс байланыс тұлғасы, м. ғ. к. Ж.Т.Толысбаева
3. «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-нің Бақылау кеңесінің 2022 жылғы 26 тамыздағы Кодекс Алиментариус тобының мәртебесі туралы шешім – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т.Рақымжанова
4. Әртүрлі.

**Төраға:**

Ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің мүшелерімен амандасты. Отырыстың күн тәртібі бекітілді.

1. Баяндамашы м.ғ. д., профессор, SSEURO үйлестірушісі Н. М. Карсыбекова Кодекс Алиментариус тобының 3 тоқсандағы қызметі туралы есеп бойынша сөз сөйледі (2022 ж. шілде-қыркүйек).

2. Баяндамашы м.ғ. к., ҚР Кодекс байланыс тұлғасы Ж.Т. Толысбаева сауалнаманы ұсынды. Сауалнаманың мақсаты - Кодекс стандарттарының әсерін бағалау үшін олардың қамтылуын, пайдалылығын және қолданылуын зерттеу. Сауалнама 2015-2020 жылдар аралығында КАК қабылдаған немесе қайта қараған Кодекстің мәтіндерін қамтиды. Сауалнаманың электрондық нұсқасы КАМЖВҮК мүшелерінің жұмыс электрондық мекенжайларына жіберіледі. Елдің жауаптары 2022 жылдың 17 қазанына дейін алынуы керек. Әрі қарай олар біріктіріліп, Кодекс хатшылығына жіберіледі.

3. Баяндамашы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының орынбасары М.Т. Рақымжанова қатысушыларды «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-нің Бақылау кеңесінің 2022 жылғы 26 тамыздағы шешімі туралы хабардар етті. Кодекс Алиментариус мәселелері Ұлттық сараптама орталығы үшін басым бағыт болып табылатыны атап өтілді. Сонымен қатар, комиссия шеңберіндегі жұмыс жалғасуы тиіс.

**Баяндамашылардың ақпаратын ескеріп, мыналарды ұсыну туралы шешім қабылданды:**

1. «Кодекс Алиментариус» Комиссиясының 45-ші сессиясына қатысу.
2. Елден интеграцияланған нұсқаны уақтылы ұсыну үшін КАМЖВҮК мүшелеріне толтыру үшін сауалнаманы жұмыс электрондық мекенжайларына жіберу.
3. ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-ға Кодекс Алиментариус тобының жұмысын ұлттық деңгейде ұзарту мәселесін шешуге қатысты хат жолдасын.

**Басқарма төрағасы**



**М. Рақымжанова**

**Хатшысы**



**Ж. Толысбаева**

**Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру  
кеңесінің отырысына қатысушылардың тізімі**

2022 жылғы 6 қазан

№	Аты-жөні, лауазымы
1	Қасқатаева Д.Қ. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік өнімдерінің техникалық регламенттерін бақылау департаментінің басшысы
2	Есдәулетова Г.К. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Азық-түлік тауарларына техникалық регламенттерді бақылау басқармасының бас сарапшысы
3	Забеков А.Т. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің жануарлар ауруларының таралу катерін талдау және ынтымақтастық басқармасының басшысы
4	Жұбатқанова К. С. – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің тамақ қауіпсіздігі және инспекциялық жұмыс басқармасы басшысының м. а.
5	Раззаренов А.А. - Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Техникалық реттеу жөніндегі үйлестіру орталығы басшысының орынбасары
6	Сәкенова Б.А. - "Атамекен"Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының агроөнеркәсіптік кешен және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы
7	Спатаев Е.М. - ДДҰ-ның Қазақстан Республикасындағы Елдік кеңесінің консультанты
8	Байхожаева Б.У. – т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі

9	Лопухин В.В. – «Органикалық егіншілік қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры
10	Қарсыбекова Н.М. - Кодекс Алиментариус комиссиясының Еуропа бойынша ФАО/ДДҰ үйлестіру комитетінің аймақтық үйлестірушісі
11	Толысбаева Ж.Т. – Қазақстан Республикасының Кодексінің байланыс пункті, Кодекс Алиментариус комиссиясының ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің хатшысы
12	Шарипов З.Ф. - Кодекс Алиментариус тобының ветеринариялық және фитосанитарлық сарапшысы